4-БЕТТЕ

**ҰЛЫҚ ҰСТАЗ**
АКАДЕМИК ӘБДУӘЛІ ҚАЙДАР ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР



5-БЕТТЕ

**ЭКСПО - ЖАҢА БАСТАМАЛАРДЫ ТАНЫТУ АЛАҢЫ**

EXPO 2017
• Future Energy •
Astana Kazakhstan

8-БЕТТЕ

**ӨНЕРЛІ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨРІСТІ ДОДАСЫ**




ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ - ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

e-mail: a.yassaui@mail.ru

№3 (430) 15 АҚПАН 2017 ЖЫЛ

# БИЫЛҒЫ ЖОЛДАУ
## ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНЕ БАСЫМДЫҚ БЕРДІ



**Қазақ тілінің басымдығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, бүгінде ағылшын тілі – жаңа технология, жаңа индустрия, жаңа экономика тілі. Қазіргі кезде 90% ақпарат ағылшын тілінде жарияланады. Әрбір екі жыл сайын олардың көлемі 2 есе ұлғайып отырады. Ағылшын тілін меңгермей, Қазақстан жалпы ұлттық прогреске жете алмайды.**

**Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауынан.**

**Жуырда университет ұжымында кезектен тыс кеңейтілген Сенат мәжілісі өтті. Жиын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың билік тармақтары арасында өкілеттіліктерді қайта бөлу жөніндегі Үндеуін және «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауын талқылауға арналды. Мәжілісті университет ректоры Уәлихан Әбдібеков ашып, жүргізіп отырды. Бас қосуға факультет декандары, құрылым басшылары, оқытушы-профессорлар қатысты.**



Алдымен «Нұр Отан» партиясы Түркістан қалалық филиалы, «Тұран» бастауыш партия ұйымының төрағасы Жанәлі Дәрібаев баяндама жасады. Ол өз сөзінде: «Қазір прокуратура, құқық қорғау органдары құзіретіндегі функцияларды қайта қарау, олардың жауапкершілігін арттыру мәселелерін конституция арқылы өзгерту талаптары қойылып отыр. Бұл дер кезінде көтерілген мәселе. Мемлекет басшысының бүгінгі Үндеуіндегі арнайы өзгерістер елдегі демократиялық оң істердің жалғасын тапқандығының көрінісі. Үкімет пен Парламент қызметінің кәсібилігін арттырып, тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Конституциялық реформалардың халықтық талқылауға салынуы – биліктің ашықтығын, бұқара халықтың мүддесін көздейді»- деді.

Бұл талқылау азаматтық қоғам, билік пен құрылым арасында байланыс орнататын мүмкіндік. Бұл өзгерістер заң шығарушы биліктің рөлін арттыру арқылы халқымыздың бірлігі мен келісімін нығайтуға бағытталған. Сондықтан да, Қазақстандағы демократиялық процестерді жалғастыруға тың серпін беріп отыр. Жолдау жайлы өзіндік ойын білдірген профессор Хазіретәлі Тұрсын: Биылғы Жолдау да өз ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Ол - тәуелсіздіктің ширек ғасырлық қорытындысын шығарып, дамуымыздың басты бағытын айқындап, халықтың бақуатты болуына негізделген. Осыған байланысты Елбасымыз биылғы Жолдауында мемлекеттік саясаттың айқындалған бес басым бағытын нақтылап айтты. Университет президенті, профессор У.Әбдібеков: «Менің ойымша, бұл дер кезінде қойылып отырған мәселе. Елбасымыздың жыл сайынғы Жолдаулары өзіндік жаңалықтарымен, нақты атқарылған істерімен халқымызды қуантуда. Сондықтан Қазақстан халқы әрбір Жолдауды асыға күтеді. Онда қарастырылған басым бағыттардың арқасында жұмыстар жедел атқарылуда. Үндеу - еліміздің тәуелсіздігін тұрақтандырып, қауіпсіздігін нығайту барысында маңызы зор құжат болып табылады. Үндеуді енгізер кезде Қазақстан заңдарының ішінде 118 заң енгізіледі екен. Біздің де өз ұсынысымызды білдіруге құқымыз бар. Жолдау Елбасы тарапынан айқындалған Қазақстан халқының болашақта атқарылар нақты істерінің ауқымы. Сондықтан болашаққа берілетін инвестициялар, өндіріс өнімдері, отандық



тауарлардың молдығы, халықтың әл-ауқатының жақсаруы, еліміздің өзге елдер арасындағы танымалдылығы сияқты Жолдауда қарастырылған басым бағыттардың барлығы халқымызды ынтымаққа, татулыққа, бірлікке шақырады. «Өңдеу» дегеніміз - зауыт, фабрика ашу, шикізаттарды өндіру, яғни экономикалық дағдарыс қысқан кезде осындай жағдай қыспақтан шығарып, елдің экономикалық әл-ауқатын көтереді. Ректордың айтуы бойынша дайын ұнды сатпау керек. 300 грамм ұннан 1 кг печенье шығады.1кг ұнды 250 теңгеге сатып аласың. Егер сен сататын болсаң, үстінен 50-ақ теңге көресің. Сол ұннан печенье жасап сататын болсаң, үстінен 150-200 теңге пайда табасың. Өз өнімдерімізді, отандық тауарларды сыртқа шығару керек. «Нан корзинасына» байланысты біздің наубай өнімдерімізді дүниежүзі сатып алу қажет. Туысқан Түркия елінен үйренеріміз көп, олардың экономикасы жан-жақты дамыған. Түркия экономикалық көрсеткіштері жағынан әлемнің ең дамыған 20 елінің қатарына кіреді. Сакария қаласында кәсіпкерлік іс жақсы дамыған. Бір айда экспортқа шығарған тауарының таза кіріс құны миллиардтаған бюджетті құрайды екен. Біздің кәсіпкерлерімізге неге осыны үйренбеске?!» деген ойын айтты.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша профессор Б.Мырзалиев, «Нұр Отан» партиясының стратегиялық зерттеу және саяси талдау орталығы халықаралық сараптау кеңесінің мүшесі, Еуразия ҒЗИ директоры Н.Шимшек Жолдау мен үндеуге қатысты өз ойларымен бөлісті. Жиналысқа қатысушыларды конституциялық реформаларды толығымен құптап, барлық қазақстандықтарды белсенді азаматтық позиция ұстануға үндеді. Елбасы Н.Назарбаевтың жасаған Қазақстан халқына Жолдауы мен Үндеуін талқылау мақсатында іс-шаралар барлық факультеттер мен бөлімдерде өткізілетін болды. Ұсыныстар мен пікірлер жинақталып, Үкіметке жолданады. Елбасы Жолдауы мен Үндеуін талқылау талдау жұмыстары ректор тапсырмасына орай алдағы уақытта да жалғасын табады. Мақсат айқын, міндет белгілі. Енді жұмылған жұдырықтай бірлік пен ынтымақтастық аясында еңбек етуіміз керек.

**ЯУ-ақпарат**

## ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫ - ЕЛ НАЗАРЫНДА

** Жолдауды қолдаймыз!*

# ЕЛДІҢ ДАМУЫН ЖЕДЕЛДЕТЕТІН ҚҰЖАТ

**«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Президентіміздің халыққа Жолдауы Кентау қаласының тұрғындары арасында кең қолдау тауып отыр. Биылғы Жолдау «Қазақстан-2050» стратегиялық мақсатына жетуге мүмкіндік береді. Ғаламдық бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етеді.**

Биылғы Жолдау экономикалық өсімге жол ашатын жаңа модель болып табылады. Тарихи маңызы зор құжаттың басты ерекшеліктері өте көп. Жолдауда қазіргі жаһандық ахуал сыни тұрғыдан терең талданады. Ел дамуының экономикалық және саяси-әлеуметтік жолдары анық айтылған. Қазақстан экономикаға инвестиция тарту жөнінен әлемдегі 185 мемлекеттің ішінде 42-орында. Инвестиция тарту, оны бақылау, оның жұмыс істеуі үшін тетіктер қалыптастыру мәселесі күн тәртібінен түсіп көрген емес. Ал шетелдерден инвестиция тек тыныштық пен бейбітшілік салтанат құрған елге ғана келетіні анық.

Жаңа инновациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білім додасына енгізудегі сабақтастыққа қолдану маңызды. Қазақстандағы шағын кәсіпорындарды, ұсақ кәсіптерді жандандыру мәселесі де экономикадағы үлкен түйінді шешудің бір жолы. Пайдаланылмай, игерілмей, жеке қолдың иелігінде жұмыс істемей отырған 1 млн гектар жерді қайтарып ел игілігіне пайдалану экономиканы дамытуға орасан зор пайда келтіреді. Жеке кәсіптің иелерін Үкімет тарапынан 16 млн теңгеге дейін қаржы беріп қаржыландыруды бастаса елдің дамуына тың серпін беретіндігінде дау жоқ. Бұл Жолдауда айтылған басымдықтың үлкен бір тармағын орындауға сеп болады.

Қуатты Қазақстан ең алдымен, халықтың басым бөлігі қоныстанған ауылдың, өңірлердің, әрине, ауыл шаруашылығының қуаттылығы. Экономиканың жеделдетілген технологиямен қайта жабдықталуы Қазақстанымыздың дамуын жеделдетеді. Агроөнеркәсіптік кешен, көлік және логистика, тұрғын үй нарығының дамуы мен оның мемлекеттік қолдау механизмі жетіле түссе елдің ырысы молаяды. Үштілділік адам капиталының сапасын арттырады. Қазақстандық ғалымдарды инновациялық, цифрлық технологияларды жасауға қатыстыру ілгері дамудың таптырмас тетіктерінің бірі ретінде қарастырылуға тиісті. Жалпы жұртты үшінші жаңғырту үдерісіне кеңірек қатыстыру да өз жемісін берері сөзсіз.

Жолдаудағы білім, тіл, технологиялық даму мәселелері жаңашылдығымен ерекше. Ғылым мен техниканың дамыған заманында елімізде өнеркәсіптің революциялық элементтерін енгізу қажет. Осыған орай жаңа инновациялық әдістерді меңгеру керек. Ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту көкейтесті. Технологияның соңғы жаңалықтарын меңгеру – Қазақстан жастары үшін күнделікті өмірде үйренуге, талпынуға тиісті қажеттілік.

Жолдауда айтылғанындай, білім, оның ішінде жастарға кәсіптік-техникалық білім беру, осы салада мамандар даярлау, ауыл мен қала мектептерін теңестіру, жаңа мектептер салу – өте маңызды мәселелер. Бұған білім саласының қызметкерлері өте жауапкершілікпен қарайды. Жолдаудың түпкі мәні халықтың қамы. Білім беру, денсаулық сақтау, ауылшаруашылығы салалары Елбасы назарынан қалыс қалып көрген емес.

**Камалбек БЕРКІМБАЕВ,**
**Кентау институтының директоры, профессор, Кентау қалалық мәслихатының депутаты.**

# Әріптестер жетістігіне қуанамыз!



Түркия мен Қазақстан мемлекеттерінің ортақ мүддесін арқалаған білім ордасының бүгінге дейін жеткен жетістіктері мен бағындырған асуларына спортшылар да үлкен үлес қосып отыр. Бұл, әрине, университетімізде қызмет етіп жүрген ұстаз-ғалымдар мен білімді шәкірттеріміздің табысты еңбектері. Соның кепілі ретінде «Дене тәрбиесі» кафедрасының меңгерушісі **Ермек Сейдахметовтың** жуырда ғана ҚР БжҒМ-і Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің №1359 бұйрығымен 13.00.00-Педагогика мамандығы бойынша профессор атағын алуын, сондай-ақ осы кафедраның PhD-ы, доцент м.а. **Бақытжан Омаровтың** «ЖОО үздік оқытушысы» атағына ие болуын айтсақ та болар.



«Дене тәрбиесі» кафедрасының ұжымы осы екі әріптесін жеткен жетістіктерімен шын жүректен құттықтап, оларға ұзақ өмір, еңбектеріне табыс тілейді!

**«Дене тәрбиесі» кафедрасының ұжымы**

# Білім саласы - Елбасы назарында

**Елбасы Жолдауы жыл сайын, біздерге, білім саласының қызметкерлеріне ғылымды инновациялау бағытында нақты мақсат-міндеттерді белгілеп беруде. Ғылыми негізделген осындай тапсырмаларды жүзеге асыру ел әлеуетінің дамуына зор үлес қосары сөзсіз.**

Елбасының көрегендігі арқасында Қазақстанның білім мен ғылым саласы аз уақытта толағай табыстарға қол жеткізіп отыр.

Биылғы Жолдаудың басты ерекшелігі – адами капиталдың сапасын жақсартуға негізделуінде. Яғни, алдағы жылдардан бастап білім беру жүйесі жаңа арнаға бағыт бұрып, экономикалық өсудің жаңа моделіне көшкелі отыр. Әсіресе, оқыту бағдарламаларының сыни ойлауға және әр оқытушының өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағытталатыны педагог қауымын қатты қуантуда. Себебі, қазіргі автономды жоғары оқу орындары Болон үдерісіне сәйкес Оксфорд, Кембридж сияқты шетелдегі дамыған университеттердің білім беру бағдарламаларын басшылыққа ала отырып, жаңаша сипатта білім беруге көшуде. Білім іздеген бүгінгі жастарға заманауи IT-білімнің қажет екені даусыз. Өйткені сол арқылы олар әлемдік білім технологияларына жол ашады.

Елбасы мұнымен қатар қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керектігін қадап айтты. Бұл тұрғыда қазақ тілінің басымдығы сақталатыны, дегенмен жалпы ұлттық прогреске жету үшін ағылшын тілінің де қажеттілігі баса айтылды. 2019 жылдан бастап 10-11 сыныптардағы кейбір пәндерді ағылшын тілінде оқытуға көшу мәселесі ойланып, ақылмен шешілу қажеттігі ескертілді. Бұл бағытта тәжірибе жоқ емес. Мәселен, Түркістан қаласындағы Ясауи университетінде үш жылдан бері тілді біршама меңгерген білімгерлер арасынан Foundation топтары жасақталып, бірқатар пәндер ағылшын, түрік тілдерінде оқытылып келеді.

Жолдауда жоғары білім беру жүйесінің сапасына ерекше назар аударылатыны айтылды. Осыған қарағанда алда жоғары оқу орындарының кадрлық құрамына, материалдық-техникалық жабдықталу деңгейіне, білім беру бағдарламаларына қатысты бақылау мен талаптың күшейетіні айқын.

Жұмыссыз жастардың, кәсіптік білімі жоқ ересек адамдардың тегін оқытумен қамтылатыны көңіл қуантып отыр. Бұның, Елбасы айтқандай, экономикадағы жаңа өндірістер үшін мамандар дайындауға ден мүмкіндіктер беретіні даусыз.

Қысқасы, Жолдауда көрсетілген нақты тапсырмаларды орындау нақты жаңа игіліктерді өмірге әкелетіні даусыз.

**Бекжігіт СЕРДӘЛІ.**

# Жаңғырудың даңғыл жолы

**Елбасының «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты биылғы Жолдауы жаңару мен жаңғырудың даңғыл жолына түскен елдің алдағы жылдарда жүретін бағыт-бағдарларын айқындайды. Қазақстан ширек ғасырдың ішінде бүкіл әлемге қуатты, дамыған, ынтымағы жарасып, ырысы артқан мемлекет ретінде танылды. Ендігі кезекте әрбір қазақстандық осы береке-бірлік пен саяси тұрақтылықты одан әрі нығайтып, еліміздің іргесін бекіте түспекші.**

Биылғы Жолдау ел экономикасын нығайтуға бағытталған. Халықтың әл-ауқатын жақсарту бойынша жаңа міндеттер жүктеген Жолдауда алға қойылған міндеттерді орындауға Оңтүстік Қазақстан облысының халқы қазірдің өзінде кірісіп кетті деп айта беруге болады. Облыста экспортқа бағытталған кәсіпорындардың санын арттыру үшін жергілікті тауар өндірушілердің бәсекелік қабілеттілігі жоғарылатылмақшы. Облыстағы экспорттық айналым қазір 1,1 млрд. АҚШ долларын құрайды. Оны 2 есеге арттыру көзделіп отыр. Бұл үшін жеке және шетелдік инвестиция көлемінің экономикадағы үлесін арттыруға бағытталған нақты шаралар белгіленіп отыр. Облыстағы бүгінгі таңдағы 14,5 пайыз көлеміндегі шетелдік инвестицияны 2020 жылға дейін 25 пайызға ұлғайту жоспарлануда. Осы мақсатта инвесторлармен тығыз жұмыс жүргізілуде. Оларға тиімді жағдайлар жасалуда. Облыстың барлық аудандары мен қалаларында инвесторлармен жұмыс істейтін арнайы мобильдік топтар құрылды.

Елбасы Жолдауына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысында аграрлық секторды одан әрі дамыту көзделген. Экспорттық өнім көлемін арттыру міндеті қойылып отыр. Облыстағы ірі каналдарды қалпына келтіру жоспарланған. Суармалы жерлерді 900 мың гектарға жеткізу міндеті белгіленіп отыр.

Елбасы Жолдауындағы 4-басым бағытқа ерекше назар аударғым келеді. Онда оқу орындары ең үздік әлемдік оқу-өндірістік тәжірибелерге сәйкес жаңартылуы қажет екендігі айтылған. Жолдауға сәйкес, алдағы жылдары жоғары білім беру жүйесіндегі білім берудің сапасына ерекше назар аударылады. Жоғары оқу орындарының кадрлық құрамына, материалдық-техникалық жабдықталу деңгейіне, білім беру бағдарламаларына қатысты бақылау мен талап күшейтіледі. Білім беру жүйесімен қатар денсаулық сақтау жүйесі де жаңарады. Бұл өз кезегінде адами капиталды одан әрі жақсартуға ықпалын тигізеді.

Қорыта айтқанда, Елбасының биылғы Жолдау өзінің нақтылығымен халық көңілінен шықты деп ойлаймын. Қазақстанды жаңғыртудың 3-кезеңіне аяқ бастық. Осы Жолдауда межеленген мақсаттарды іске асырсақ, еліміздің келешегі кемелдене түсетіні анық.

**Әріпхан САДЫҚОВ,**
**профессор, экономика ғылымдарының докторы**

# Болашақ журналистер қысқы медиа-мектепке қатысты

**Алматы облысында «Цифрлық сауаттылық жаңа мүмкіндіктері дата журналистика матрицасы ретінде» атты IV Халықаралық журналистика және коммуникация Қысқы мектебі өтті. Оған доцент Б.Сердәлінің жетекшілігімен «Журналистика» мамандығында оқитын бір топ студенттер қатысып қайтты.**



Дәстүрлі тағылымдық шара Жетісудың жеті кереметінің бірі Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық саябағындағы Бел-бұлақ шатқалында «Тау-Тұран» Білім беру сауықтыру кешенінде өтті. Қысқы мектеп мынадай модульдерді қарастырды: Data Journalism: цифрлық деректерден – сапалы контенттерге, фактография, визуализация, трансформация триадасы және метажурналистика, дата журналистиканың коммуникациялық моделі және технологиясы.

**Нұрлан Сұлтанбек, 3-курс студенті:** Қысқы мектепке Қазақстан, Қырғызстан жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары, PhD докторанттары, оқытушылары, республикалық және аймақтық БАҚ журналистері, онлайн-медианың веб-редакторлары мен контент-редакторлар қатысты. Цифрлық радио технология бойынша жаңа білім және тәжірибелік дағды алынды. Бұл шара БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарын, бейбітшілік, әділ сот және тиімді институттар мақсатын жариялауда жаңа технологиялар мен әдістерді үйрену, интернет және цифрлық сауаттылық мәселелері бойынша жаңа дағдылар мен құзіреттілікті үйрену, цифрлық медиа саласында білімді кеңейту, цифрлық радио саласындағы мамандардың шеберліктерін тыңдау мақсат-міндеттерін орындаумен ерекшеленді. 3 күнге созылған дәрістер аясында кейстердің шешімдерін табу жолдары қарастырылды. Жеке және топтық тәжірибелік сабақтар өткізіліп, таныстырылым, пікірталас, жоба талдау, кәсіби кеңес алынды. Онлайнда ағылшын тілінде шапшаң жазба қалдыру бойынша 2-курс студенті Алуа Тұрсынхан жеңімпаз деп танылып, оған арнайы куәлік табысталды.

**Сұлушаш САДЫРОВА, 3-курс студенті.**

# Университет «жайдарманшылары» ерледі

Университетіміздің «ХҚТУ тарифі» жайдарман тобы Астана қаласынан жағымды жаңалықпен оралды. Құрылғандарына төрт жыл ғана толған құрама «Шабытты» маусымында ерекше өнер көрсетіп, көптен күткен жоғарғы лига ойындарына жолдама алды. Қазіргі таңда «ХҚТУ тарифі» тобы «Жайдарманның» 1/8 финалдық сайысына дайындық үстінде.

Айта кетейік, биылғы маусымда «Жайдарманға» елімізден 150-ге жуық команда тіркелді. Сонымен қатар Қырғыз, Башқұрт елдерінен де командалар келіп қатысты.

**Бекұлан ЖОЛДЫҚОЖАЕВ.**

**Қазіргі таңда заманауи жоғары оқу орындарының Халықаралық деңгейдегі ғылыми әлеуетін анықтайтын көрсеткіштері ретінде әлемдік рейтингтік ғылыми журналдардағы импакт-факторлы жарияланымдар, ҚР БжҒМ Ғылым комитеті мен Халықаралық гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми жобалар, өнертабыстық патент және авторлық куәліктер ғылымның инновациялық дамуы мен талабының негізіне айналып отырғаны белгілі.**



Профессор Талжан РАИМБЕРДИЕВ:

# ҒЫЛЫМНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Осы орайда университетіміздің ғылыми әлеуетін талқылау мақсатында қаңтар айының 16-27 күндері аралығында Ғылым және инновация департаментінің ұйымдастыруымен 2016-жылғы ғылыми-зерттеу жұмыстарының стратегиялық жоспарға сәйкес орындалуы, сапасы, проблемалары мен шешу жолдарына арналған кеңейтілген ғылыми-техникалық кеңестің мәжілістері өткізілді.

Бұл шара университеттің ғылыми-техникалық кеңес төрағасының басшылығымен және кеңес мүшелерінің, құрылымдық бөлім басшыларының, оқытушы-профессорлар құрамының толық қатысуымен күн тәртібіне сәйкес жүргізілді.

Университеттің барлық оқытушы - профессор құрамы зерттеу жұмыстарын әр түрлі сала бойынша 12 ғылыми бағыттың негізінде бекітілген тақырыптар бойынша жүргізілді. Осыған сәйкес факультет деканлары мен ғылыми-зерттеу институттарының басшылары есеп беру барысында 2016-күнтізбелік жылында оқытушы-профессорлардың белгіленген бағыттар мен тақырыптар негізінде жасаған республикалық және халықаралық гранттық қаржыландыру бойынша жобалары, әлемдік рейтингтік ғылыми журналдардағы жарияланымдардың саны, Өкілетті Кеңес тарапынан қаржыландыратын ғылыми жобалары, өнертабыстық патент пен авторлық куәліктер туралы мәліметтермен таныстырып, SWOT-талдауда факультеттің ғылыми бағыттағы жұмыстарының мықты жақтары мен әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен қауіптері жайында толығымен баяндады. Баяндамалардағы сандар көрсеткіші факультеттер мен ғылыми зерттеу институттарының ғылыми әлеуетінің қаншалықты дәрежеде екендігін анықтай түсті.

Жалпы мәжілістерде тыңдалған есеп нәтижелері бойынша Жаратылыстану факультеті рейтингісінің университет бойынша жоғары болғандығы нақтыланды. Деканы Н. Ажиханов факультет ғалымдарының қатарынан әлемдік деңгейдегі зерттеу жұмыстары жақсы нәтижелер мен жетістіктерге жеткен ХИРШ индексі (H-INDEX) бар У. Әбдібеков, Б. Тұрметов, Б. Қалымбетов, Т. Тұрмамбеков, А. Құрбаниязов, А. Құрмантаев, М. Мұратбекова, Г. Баканов, Б. Сарсенов және Ш. Раманкулов сынды ғалымдардың есімдерін ерекше атап өтті.

Күн тәртібіне сәйкес кезекті мәжілістерде тыңдалған Инженерия факультетінің есебі бойынша импакт-фактор коэффициенті бар рейтингтік журналдар да - 4 мақала, 1 монография жарық көріп, өнертабыстық патент пен авторлық 3 куәлік алынса, Өкілетті Кеңес тарапынан қаржыландырылатын 3 ғылыми жоба жасалған.

Стратегиялық жоспар бойынша индикативті көрсеткіштерді орындауда төмен нәтиже көрсеткен Әлеуметтік ғылымдар мен Филология факультетіне сын - ескертпелер айтылды. Мәселен, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің 2017 жылғы жоспарда регресс байқалды. Сондықтан жоспарды қайта қарау керек. Сонымен қатар есеп беруші факультет деканының орынбасары А.Абубакированың ғылымдағы менеджерлік деңгейінің өте төмендігін сынға алуға болады. Шет елдік ғалымдардың импакт-фактор коэффициенті бар рейтингтік журналдар да мақала жариялау көрсеткішінің төмендігін байқадық. Ал Филология факультетінің дайындаған баяндамасында мәліметтерге талдау жасалмағандығы дауыс беру нәтижесінде ескерілді.

Кезекті Өнер факультетінің есебінде импакт-факторлы жарияланымдар да – 10 мақала жарияланса, ал 2 оқытушы ҚРБжҒМ «ЖОО үздік оқытушысы» атағын алған.

Ал, Медицина факультетінде гранттық қаржыландыру бойынша 4 ғылыми жоба, 4 инновациялық патент, 2 авторлық куәлік алынған. Ал, имфакт-фактор коэффициенті бар журналдарға 19 мақала жарияланған.

Гуманитарлық ғылымдар факультетінде 4 ғылыми жоба, 3 монография, 2 авторлық куәлік, 11 импакт-факторлы жарияланым жүзеге асырылған.

Шымкент медицина институтында 3 авторлық куәлік алынып, 5 импакт-факторлы мақала жарияланған.

Жалпы факультеттер есебі бойынша университетіміздің ғылыми әлеуетін арттыруға атсалысып жүрген белсенді ғалымдар Т.Қойшиев, А.Темірбеков, А. Ақбасова, Р.Нұрділлаева, Ә. Төлеп, А.Мейірбеков, Н.Рустамов, У.Жұмабаев, Ш.Сейдинов, А. Қуандықова, Ү.Байзақ, Р.Бектұрғанов, Н.Түзелбаев, Ш.Жанәділов, С. Ташимова, Б.Мырзалиев, К.Беркімбаев, Қ.Атемова, М.Жаздықбаева, З.Жандарбек, Ж.Торыбаева, М.Мырзабеков, Б.Омаров, Р. Сыдықова есімдерін мақтанышпен атауға лайықты.

Баяндамаларды тыңдау барысында мен төраға ретінде сын-ескертпелермен қатар тың идеяларды ортаға салдым. Мәселен, Медицина факультетінің ғылымдағы мүмкіндігі жоғары екендігі, бірақ тиімділік пен нәтиженің аздығы есеп барысында нақты байқалды. Осы орайда алдағы уақытта Медицина саласындағы ғалымдарға Республикалық және шетелдік ЖОО-мен және медициналық орталықтарымен бірігіп зерттеу жұмыстарын жүргізуді, ғалымдардың практикалық медицинамен байланысын арттыруды ұсыныс ретінде алға тарттым.

Жасалған баяндамалар бойынша кеңес мүшелері тарапынан сауалдар қойылып, пікірлер айтылып, қызу талқыға түсті. Инженерия, Өнер, Медицина, Гуманитарлық ғылымдар факультеті мен Шымкент медицина институтының жылдық есептерін бір ауыздан қанағаттанарлық деп бағаладық.

Түркология ғылыми-зерттеу институтының есебін тыңдау барысында мәжіліс төрағасы ретінде «Түркология» журналын импакт-факторлы журналдар қатарына қосып, Scopus базасына кіргізу мүмкіндігінің бар екендігін, түркі тілдес елдердің ғалымдарымен байланысты дамыту керектігін баса айтуым керек.

Археология ғылыми-зерттеу орталығы «Үлкен Қаратаудың тасқа салынған суреттері» атты ғылыми жобаның толық есебімен таныстырды. Орталықтың ғылыми әлеуетін арттыруға үлес қосып жүрген С. Жолдасбаев, С. Мұрғабаев сынды ғылыми қызметкерлердің еңбектері институт есебінде ерекше аталды.

Жаратылыстану және Медицина ғылыми-зерттеу институттарының басшылары жылдық есебінде жоспарға қатысты атқарылған біраз ауқымды істерді баяндады. Әлсіз жақтарында қаржы тапшылығына байланысты көптеген ойға алған тың идеялардың іске аспай жатқандығын да айта кетті. Кеңес мүшелері аталмыш институттардың жұмыстарын нәтижелі жұмыстарын шартты түрде қанағаттанарлық деп бағалады.

Кезікті мәжілісте тыңдалған Экология институтының жылдық есебінің нәтижесінен көптеген ауқымды жұмыстардың жасалғандығын байқадық. 2016 жылы 2 шетелдік өнертабыстық патент пен 7 авторлық куәлік алынған. Университетке қатысты өте ауқымды жұмыстарды жүзеге асырып, мәселен, су көздеріне (әр 10 күн сайын) химиялық, бактериологиялық және радонға талдау жасау, жаңадан салынған құрылыс алаңдары мен жөндеуден өткен ғимараттардың радиоактиві фонын, микроклиматын анықтау, барлық өндірістік нысандарға экологиялық мониторинг жасау арқылы университет қоржынынан 20,1 млн. теңгені құрайтын қаржы көлемін үнемдеуге үлес қосқан. Жалпы институт басшысының жасаған есебіне бірауыздан кеңес мүшелерімен бірге өте жақсы деп баға берілді.

Бас қосуда төраға ретінде ғылыми-зерттеу институттарына алдағы уақытта түркі тілдес мемлекеттердің ғалымдарымен тығыз байланыс орнатып, ортақ ғылыми-инновациялық жобалар дайындап, «ТИКА-ға» ұсынуды қолға алу керектігін баса айттым.

Ғылыми-инновациялық жобаларды жүзеге асырып, өндіріске енгізу заман талабы. Университетіміздің ғалымдарының кез-келген жобаларды жүзеге асыруда ғылыми әлеуетінің толық жететіндігіне сенемін. Алдағы 2017-жылғы ғылыми-зерттеу жұмыстарының Стратегиялық жоспарға сәйкес орындалуын жүйелі түрде жүзеге асыруға профессор-ғалымдарымыздың бірауыздан атсалысатынына сенім білдіремін.

## ТАҒЛЫМЫ МОЛ ҒЫЛЫМИ СЕМИНАР

**Жуырда ғылым және инновация департаментінің ұйымдастыруымен университеттің ғылыми –техникалық кеңесінің жанынан 10 сала бойынша салааралық координациялық кеңес құрылды. Ғылыми-техникалық кеңестерде магистранттар мен докторанттар 30 қаңтар мен 7 ақпан аралығында ғылыми семинардан өтті.**

Ғылыми семинардың басты мақсаты – магистранттар мен докторанттарға ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша бағыт-бағдар беру, магистрлік және PhD докторлық диссертациялардың сапалы орындалуын қадағалау. Білімгерлерді ғылымға баулып, ғылым әдістемесін үйретуге бағытталған координациялық ғылыми-техникалық кеңестер төмендегі салалар бойынша құрылды:

1.Экономика саласы бойынша (Экономика, Менеджмент, Есеп және аудит, Мемлекеттік және жергілікті және жергілікті басқару);

2. Құқықтану саласы бойынша (Құқықтану, Әлеуметтану, Саясаттану);

3. Дінтану және Философия саласы бойынша (Дінтану, Философия);

4. Тарих саласы бойынша (Тарих);

5. Педагогика саласы бойынша (Педагогика және психология, Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, Бастауыш оқыту педагогикасы мен методикасы, Бейнелеу өнері және сызу, Денешынықтыру және спорт);

6. Математика және Информатика саласы бойынша (Математика, Математикалық және компьютерлік модельдеу, Информатика, Ақпараттық жүйелер):

7. Физика саласы бойынша (Физика, Электроэнергетика);

8. Экология саласы бойынша (Биология, Химия, Экология);

9. Медицина саласы бойынша (Медицина, Қоғамдық денсаулық сақтау);

10.Филология және шетел филологиясы салалары бойынша (Қазақ тілі мен әдебиеті, филология, Түркітану, шетел тілі: екі шетел тілі, Шетел филологиясы)

Жоғарыда көрсетілген кеңестер магистранттар мен докторанттардың ғылыми жұмыстарын саралап, жұмыстың тақырыбының дұрыс таңдалуына, өзектілігіне, ғылыми жаңалығына, әдістемелік және теориялық мәніне баса назар аударды.

Кеңес мүшелері тарапынан ізденуші болашақ ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының кемшін тұстарын түзетуге ұсыныстар жасады.Қажетті әдебиеттер мен қоса G-global, Scopus, Thomson Reuters, Web of Science, Springer, Elsevier базаларымен жұмыс жасауды ұсынды. Ізденушілер семинарлардан мол мағлұматтар алып, білімдерін шыңдай түсті.

ЯУ-ақпарат

## ТҮРКОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЗЕРДЕЛЕНДІ



**Туркология ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен «Түркологияның өзекті мәселелері» тақырыбында семинар өтті.**

«Визитинг-профессор» бағдарламасы аясында келген Түркия мемлекеті «Ержиес» университетінен профессор Невзат Өзкан және «Он Токуз Майыс» университетінен доцент Бекир Шишман студентер, магистрант мен докторанттарға семинар өткізді.

Семинарда профессор Н.Өзкан «Түркия және Түрік әлемі» атты тақырыпта жан-жақты мәлімет берді. Профессор Түркия мен түркі әлемінің қарым-қатынастары, тарихы, діні, мәдениеті жағынан ұқсастықтары, тілдерінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жағынан бір-біріне жақындығы жайында, ұқсастықтары туралы айтты.

Профессор Бекир Шишман «Қорқыт Ата кітабы және түркі мәдениетінің негізгі факторлары» туралы айтты. Қаһармандық эпос үлгісі, оғыз-қыпшақ дәуірінің жазба мұрасы «Қорқыт Атаның кітабының» жазбалары халық ауыз әдебиетінде ғасырлар бойы айтылып келген аңыздар мен жырлар, түркі халықтарының өшпес мұрасы екендігі баса айтылды. Сондай-ақ, түркі мәдениетінің әлемдік өркениеттегі өте маңызды орны туралы да айтты.Ғылыми-танымдық семинарды студенттер, магистрант-докторанттар қызығушылықпен тыңдап, көкейде жүрген сұрақтарын қойды.

Ақпарат орталығы

## ОРАЙЫ КЕЛГЕН СҰХБАТ

** Ұстазға тағзым*

**Қазақ халқының біртуар ұлы, тілші, ғалым, академик Әбдуәлі Қайдардың өмірі өнеге. Еңбек жолы сабақ, айтқан әрбір әңгімесі тәрбие. Ғалымның өмір жолындағы қадау-қадау ғылыми еңбектері, қаншама шәкірт тәрбиелеп, Қазақстан ғылымын дамытудағы өзіндік үлесі, алдағы уақытта өз алдына арнайы айтылмақ. 9-сыныпты бітіріп, ел қорғауға аттанған, қайтып келіп, өмір өткелдерінің тезінен өткен, жастық жалынын ғылымға арнаған, небір биік белестерді бағындырып, жарты ғасырдан астам уақыт академик болған тарлан ағаның бүгінде шау тартып, абыз қартқа айналған шағы. Бірақ әлі де сөзі мығым, өзі жинақы. Жағдайын сұрап, сәлем беруге келгендермен көңілді сөйлеседі. Бүгіндері тоқсанның төбесіне шығып, сонау биіктен қолын көлегейлеп, жан-жағына бағдарлай қарап, «осыған дейін не тындырдым, шәкірттерге не үйреттім, ғылыммен айналысатын жас ұрпаққа не бердім, бергенім жеткілікті ме, не айтылды, не айтылмады» деген оймен академик Әбдуәлі ҚАЙДАР өмірінен сыр шертетін сұхбатты назарларыңызға ұсынып отырмыз.**

# ҰЛЫҚ ҰСТАЗ



**Әбдуәлі аға, жұртшылыққа түсінікті болу үшін өмірбаяныңыздан бастасаңыз, үш түрлі мектепте үш тілде оқыпсыз, оған не себеп?**

1924 жылы Алматы облысы Шелек ауданына қарасты Хорам деген жерде дүниеге келіппін. Біздің әкеміз мамандығы жоқ, көп оқымаған. Бастауыш мектеп дәрежесінде ғана білімі болған.Бірақ өзінің алғырлығы мен іскерлігі арқасында сол кезде милицияда істеген. Әкемнің қызмет бабымен Қаракемер деген жерде тұрдық. Талдыбұлақ деген село бар, ауасы таза. Әкеміз жұмыс жағдайына байланысты ылғи көшіп жүріпті. Менің өзге тілдерді үйренуіме де осы әкемнің көшіп-қонып, қоныс ауыстыруы себеп болып отырған. Ең алғаш «Слабодадағы» татар мектебінің 1 класына барыппын. Бұл ашаршылық жылдары болатын. Әке-шешем Алматыдан қатынап жұмыс істеді. 1933 жылы Хорамда тұрыппыз. Ондағы қазақтар мен ұйғырлар ашаршылықтан қашып, жұртын ауыстыру үшін Қытайға кетіп жатқан екен. Сонда колхоздың малын айдамай, тек өздеріне ғана кетуге рұқсат берген. Бір жылдан кейін «Малыбай» және «Байсейіт» деген жерде, яғни Малыбайдан көшіп, Байсейітте тұрдық. Сол Малыбайдан шыққан қазақ жігіті (атын ұмыттым) бүгінде «Қазақ» және «Президент» газеттерінің редакторы. «Хорамнан» кейін көшіп «Қызыл қазаққа» бардық. Әкем Еңбекшіқазақ ауданы Бадам ауылында үкіметке тұлпар өсіріп беретін ферманың бастығы болды. Одан кейін 1-2 жылдай «Еңбек» колхозында әкемнің қарындасы Тәуірқыздың көшесінде қазақы үй тігіп отырдық. «Еңбек» колхозынан кейін әкемнің жұмысымен «Есікті» қаласында ұйғырлардың ортасында тұрдық. Сол жерде Молотов атындағы қазақ орта мектебінде, одан Сауыт Ахун деген молданың медресесінде ұйғырша оқыдым. Сонда мен қазақша, татарша, ұйғырша үш түрлі мектептен, үш түрлі тіл үйрендім. Таң атпай тұрып, 3 км жаяу жүріп мектепке келіп білім алдық. 9 класқа дейін осы жерде оқып, әскерге де осы жерден кеттім.

**Ел арасында «академик Ә.Қайдар Ұлы Отан соғысына қатардағы жауынгер болып барып, офицер боп қайтты» деген сөз бар, ол туралы не айтасыз?**

Иә, ол рас. Әкем Туғанбаев Қойайдар, оның інілері Майлыбай мен Сексен де 1941 жылы ел басына күн туғанда Отан қорғауға аттанған. Ауылда еркек кіндік қалмады. Әкемді шығарып салу үшін шешем бейшара Есік қаласынан Алматыға жаяу шыққан, қиналып, неше шақырым жерді жаяу жүріп, зорға жеткен (сөйткен анам аллаға шүкір, кейін бейбіт өмірдің бақытын көріп, біздерді жетілдіріп, 95 ке келіп, дүниеден озды), үйде әжеміз бен жеңгеміз қалған. Сол кезде 16 жасар мен мектепке барып, соғысқа әкемнің артынан іздеп бару үшін өзім қатарлы балаларды ұйымдастырып, ақылдасып, «ең болмаса, мылтық көтеруге жараймыз ғой» деп, өз бетімізбен майдан шебіне аттану үшін әскери бөлімге бардық. «Сендерге әлі ерте, жассыңдар» деп бетімізді қайтарса да, қайтпадық. Содан мені «Үлгілі оқушы» деп газетке де шығарып жіберіпті. Мамыр айында, «Есік» қаласынан талқантарымызды мойнымызға артып, Алматыға жаяу аттандырды. Әкем соғыста, шешем мені шығарып сала алмады.. Осы күні ойлап отырсам, 16 жасар баладағы қандай патриотизм екенін түсінбеймін. Сонымен 12 бала жолшыбай Калинин колхозына бір түнеп, Алматыға жеттік. Бізді апаратын Темиров Низамдун деген жігіт құжаттарымызды Ташкентке әкетіп қалған екен. Ташкентке барсақ, әскерилердің залында отыр екен, қанша ашуымыз келсе де ұрмадық. Содан бізді арнайы үш ай оқытып, Москваға алып кетті. Москваға әкеліп, Волокаламск шоссесіндегі аспанда ұшып жүретін әскерлердің қатарына апарып қосты. Сол жерде белгілі қазақ батыры Б.Момышұлы Москваға немістерді кіргізбей, қарсыласып жатқанынан хабардар болып, қуандым. Бірақ бізді бөліп, Калинин майданына жіберді, яғни Великие Луки қаласы жанындағы Плеханова селосын немістерден азат ету үшін шабуылға шығып отырдық. Кезекті бір шабуылда зуылдаған оқ тиіп, қару көтеретін қолымнан жараланып, госпитальға түстім. Екі ай жатып, жазылып шыққаннан кейін, Ярослав қаласында бір офицер «кто хочет учиться» деп әркімдерден сұрап жүр екен. 9 класты бітірген кезім, мені де жазып алды. «Жданов атындағы әскери-инженерлік 8 айлық курс» екен. Тез бітіретін, майданға тез алып баратын, өзендерден мамандық алып өту үшін пантон (қайық сияқты) судың бетінде қалқып жүретін. Соны Кастрома қаласында оқып бітірдім. Бір түнде самолетке отырғызып, соғыстың өршіген ортасына қайта бардым. Яғни 2-ші Белорус майданына қатыстым. Біз Берлинді алу үшін барынша тырыстық. Бірақ Польша мен Австрия шекарасындағы Одыр өзеніне көпір жасап, қайық сияқты (пантон) құрып өттік. Жоғары жақтан самолетпен немістер атқылады. Екпінді бригадамызды өткізбей, төбемізден атқылап, Берлинге дәл уақтысында жете алмай, сәл кешігіп қалған болатынбыз. Бірақ өзіміздің қазағымыз Рақымжан Қошқарбаевтың Рейхстаг төбесіне ту тіккенін естігенімізде қуанғаннан жүрегіміз жарыла жаздаған. Бүкіл еліміздің қуанышы ғой. Командир генерал Рокосовский: «Брать Берлин приказано было нам, но взял победу наши войска. Война кончилась. Из Москвы передали что война кончилась» деді. Қуанышымызда шек болмады. Сөйтіп ІІ-дүниежүзілік соғысқа 1942 жылдың мамырында барып, 1945 жылдың мамырында қайттым. Шынында да, солдат боп барып, офицер болып қайттым. Кейіннен соғыс біткеннен кейін, бейбіт өмірде мемлекет қайраткері, үлкен бастық Отан соғысына қызмет істеген, пантонно-мостовой батальонның саяси орынбасары, штаб бастығы болған, генерал И.И.Фронин Қазақстанға іс-сапармен, тексеруге келгенде Министрлер Кеңесіндегі Темірбековтің шақыртуымен Орталық Комитеттің қабылдау бөлмесінде жолығып, құшақтасып, кешегі сұрапыл соғысты еске түсірдік. 1972 жылы сол қанды майданда бірге болған досым, украиндық В.И.Голото іздеп келді. Мен жібермей, үйімде бір апта қонақ қылдым. Майдандас досым екеуміз көп әңгімелестік, фашистерді жеңу жолындағы небір патриот солдаттардың бейнесін елестеттік көз алдымызда мерт болған достарымызды, майдандастарымызды, олардың ерліктерін есімізге түсірдік.

**Сізден бір жыл бұрын соғысқа кеткен әкеңіздің хабарын біле алдыңыз ба?**

Иә, әкемді қанша сағынсам да, іштей, жүрегім езіліп жүрсем де, арнайы іздеп табуға мүмкіндік табылмағаны белгілі. Соғыс даласы қай жерден бұйырса, сол жерде болдық. Бір таңқаларлығы, әкемнің қайтыс болған жері біздер қайта-қайта шабуылға шыққан, қолымнан жараланған Плеханова селосы екен. «Бауырластар зиратында» жерленіпті. Әкелі-балалы екеуміз бір селоны немістерден босату үшін бірге қатысыппыз, бір мезетте, бір мақсатпен, бірақ бір-бірімізді көрмегенбіз. Әкем 1-Алматы бөлімі, 101 атқыштар бригадасында болған. Оны мен 50 жылдан кейін «Долина смерти» кітабынан оқып білдім. «Долина смерти» - қазақтардың қырылған жері... 1945 жылы соғыс біткеннен кейін елге қайттық. Ол да оңай болмады. Соғыс біткесін де бірден қайтара салмайды екен. Алдымен Ташкенге, одан Түркменияға барып, САГУ-ге (Средне-Азиатский военный округ) барып, қайту туралы арыз жазып, сол жердегі аудандық партия комитеті мен атқару комитеттерінен анықтама алып, демобилизацияға ілiктім. Ауылдағы ер-азаматтың бәрі кеткен, басқа отбасылар сияқты, біздің үйде де әжем, шешем, жеңгем үшеуі әбіржу тірлік кешіп отыр екен.

**Әбдуәлі аға, бейбіт өмірде, ғылым жолында «қатардағы ғалымнан академик дәрежесіне жеттіңіз». Осының сыры неде деп ойлайсыз?**

Оның басты сыры, қай жерде де өзіңді аямай еңбек ету, көп оқу,көп іздену, еңбекті, ғылымды сүю болып табылады. Елге келген соң, жеделдетілген тәсілмен мектепті бітіріп, есіл-дертім оқу, жоғары білім алу болды. КазГУ-дің Филология факультетіне оқуға түсіп, Отан соғысына қатысқандарға жеңілдік болды ма, оны төрт жылда 1951 жылы бітірдім. Әлі есімде,бір күні КазГУден шығып келе жатқанда, алдымыздан Мұхатр Әуезов кездесіп қалды. Қасымдағы Балтабай Адамбаев еті тірі, пысық жігіт қой: «Ой, Мұха, жолымыз болады екен, сізден емтихан тапсыруымыз керек еді» деді, оған бәріміз күлдік. «Үйге кетіп бара жатыр едім, жол-жөнекей алайық»,- деп жымиды ұлы ұстаз. Ұстазымыздың соңынан еріп М.Төлебаев көшесімен жүріп, Абай атындағы опера және балет театрын бойлай жүрдік, жолшыбай емтихан алды. Қазақ фольклоры бойынша, «Қыз Жібек» жырын кезектесіп, зуылдатып жатқа айтып бердік. Ұстазымызды риза қылдық-ау деймін, үйіне келгенімізді білмей қалыппыз. «Хозяйка, у тебя чай есть, вот мои ученики». Содан орыс жеңгеміздің қолынан шай ішіп, риза боп шыққанымызды өмір бойы студенттеріме айтып жүрдім. Сол сәт менің бүкіл өміріме өзгеріс енгізгендей, қатты әсер етті. М.Әуезовтей дара тұлғаның жүріс-тұрысының нықтығы, өмірде қанша ұлық бола тұра, мінезінің соншалықты қарапайымдылығы, отбасындағы жайдарылығы, маған қатты әсер етті. Өмір бойы өзімді сол қалыпта ұстауға, барынша кішіпейіл, қарапайым болуға тырыстым. 1944 жылы Алматыда Қ.Сәтбаевтың басшылығымен Ғылым Академиясы құрылған. Университетті жақсы бітіргесін, Академияның ұйғыр бөліміне Аспирантураға түсіп, оны 3 жылда бітірдім. Мені бір күні Қ.И.Сәтбаев шақырып, «ұйғыртанудан бізде маман жоқ, сен тіл білесің, болашақта нағыз маманы болуың керек» деп Москвадағы академик С.Е.Маловқа жіберген. Бірақ С.Е.Малов: «Жасым болса жер ортасынан асты, енді жеке шығармашылықпен айналысып, кітаптар жазуым керек. Алматыға біразға дейін бара алмаймын, бірақ Қырғызстаннан К.К.Юдахин деген академикке хат жазып беремін»-деді. Содан Маловқа шәкірт бола алмай, Москвадан Фрунзеге келсем, Юдахин мен Батмановты академикке өткізу үшін сайлау болып жатыр екен. Сайлаудан соң мені қабылдап, үйіне ертіп апарды. Татарша, қырғызша, арабша қазақша тіл білетін полиглот ғалым Юдахиннің жетекшілігімен кандидаттық, докторлық диссертация қорғадым. Докторлығымда Түрікмен, Әзербайжан, Қырғызстан академиясының президенттері, академиктері оппонент болып, Әзербайжанда қорғап шықтым. 1955 жылы Алматыдағы А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты директорының орынбасары, 1978-1994 жылдар аралығында директоры болып, 30 жыл еңбек еттім. Өзіңіз ойлаңыз, бір мекемеде яғни, ғылыми ортада табаны күректей 30 жыл еңбек ету де екінің бірінің маңдайына жазыла бермейді. Тағдыр оны менің маңдайыма жазған екен, аллаға шүкір, абыройсыз болмадым. Ешкімнің ала жібін аттамауға, ешкімге қиянат жасамауға тырыстым. Қазақстан ғылымына 80 шәкірт дайындап шығарып, өзіндік үлесімді қостым. Олардың әрқайсысы бірінебірі ұқсамайтын 80 тақырыпты ғылыми тұрғыдан дәлелдеп шықты, соның бірі өзіңсің. Сексен шәкірт! Ұзақ жылғы маңдай тер, ақ қағаздай, ғылымнан хабары жоқ жанды бір тақырып төңірегінде ізденіске баулу, жылдар бойы соңыңнан ертіп жүріп, сол тақырыбының майын шағып жегенше, тапсырма бере отырып, жан-жақты талдап-жіктеуін қадағалап отыру оңай шаруа емес әрине. Бұл да кез-келгенін академиктің ғылыми тәжірибесінде кездесе бермейтін жағдай деп ойлаймын.

**Халықаралық «Қазақтілі» қоғамының төрағасы болған жылдарыңызды есіңізге түсіріңізші, «аласапыран» кезде қоғам қалай құрылды?**

Иә,1989-1994 жылдар арасында Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы болдым. Орыстанып кеткен тіліміз жетім баланың күйін кешіп, әрбір үйдің, мекеменің есігінен телміре қарап, жәутеңдеп тұрған кезі еді ғой ол. Ат төбеліндей қазақ интеллигенциясының қазақ тілін қорғауға шамасы келетін түрі жоқ болғасын, мен бастаған бір топ белсенді, тіл жанашырлары шырылдап, жеке инициатива көтеріп, құрылтайын шақырып, қоғам құрдық. Басшылық та, халық та қолдады. Қоғамның атын қояр кезде, біреуі «Қазақ тілі», біреуі «Ана тілі» деп үлкен талас, дау туды. Үзілістен кейін Талғардан келген мұғалім, орыс ұлты өкілінің: «Егер ана тілі болмаса, ұлт ұлт болудан қалады. Ал ана тілі барлық халықта бар. Сондықтан қоғамның атын «Қазақ тілі» деп атау керек» дегені әлі есімде, не деген тереңнен ойлаушылық деп іштей таң қаламын кейде ойыма түскенде. Қоғам құрылғаннан кейін басқа ұлт өкілдері келіп: «Біз бұдан кейін қалай өмір сүреміз» деген сұрақтар қойды. Әр халықтың ұлттық мәдени орталығы құрылу керектігін айттым. Кейіннен Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысымен ұлттық мәдени орталықтардың негізінде, «Қазақстан халықтары Ассамблеясы» құрылып, бүгінде халықтар достығының куәсіндей, көптеген игі істер атқарып келеді. 1994 жылы 75 келгенде, жасының ұлғаюына байланысты, А.Байтұрсынов атындағы институт директорлығын да, Халықаралық қоғам төрағалығын да қанағат көңілмен жастарға өткізген ағамыз, бүгінде қоғамның институттағы вице-президенті, институттың құрметті директоры, яғни директордың кеңесшісі ретінде, жастарға ақыл-кеңесін беріп отырады. «Институтқа бауыр басқаным соншалықты, менің екінші үйім сияқты, оларды көрмесем сағынып қаламын»-дейді ағамыз.

*Сол кезде өмірлік серігі, адал жары Шекер апамыз әңгімеге араласып: «Иә, кеше ғана үйге Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы, академик Өмірзақ Айтбаев пен Әбекеңнің шәкірті А.Байтұрсынов атындағы «Тіл Білімі» институтының директоры Ерден Қажыбек екеуі «ағаларына сәлем беріп, батасын алуға» келгенде Әбекең балаша қуанды»-деді. «Сәлем беру»-халқымыздың сонау ата-бабамыздан келе жатқан асыл қасиеттерінің бірі, кішінің үлкенге құрметі. Бұны түсініп, осы ұғымның қадіріне жеткен адам ешуақытта қор болмайды, үлкеннің батасын алып, ризашылығына кенеледі, жолы ашылады. Өкінішке орай, бүгінде қоғамымызда қолыңда қызметің тұрғанда «тауық секілді қасыңнан шыр айналып шықпай, қызметтен кеткенде қарасын да көрсетпей» кететін жандар да кездесіп жатады ғой»-деп күлді.*

**Осы жерде айтпай кетуге болмайтын бір жайт, қатардағы тілшіден академик дәрежесіне дейінгі сатылардың бәрінен өтіп, ұстаздардың ұстазы болуына бірден-бір себепші болып, отбасын ұйытып, өмір бойы жарының жағдайын жасап, баптап, денсаулығын сақтап, өзінің тектілігін дәлелдеп келе жатқан Шекер апамыздың ерен еңбегі. Осыдан сегіз жыл бұрын инфаркт алған ағамыздың, қант диабетінің асқынып кетпеуі үшін күніне үш рет арнайы қан қысымын, қант мөлшерін, жүрек соғысын қадағалап, тексеріп, жазып, белгілеп отыруды әдетке айналдырғанын Шекер апамыздың сегіз жылдан бергі жинақталған қойын дәптерінен көруге болады. Не деген тәртіп, не деген жинақылық, не деген жауаптылық, не деген махаббат десеңізші!? «Әдемі боп қартая білу де өнер» деген рас-ау! Қоғамға бергені көп, өмір деген теңіздің небір толқындары мен иірімдерінен қол ұстасып бірге өткен, қосағымен қоса ағарып, ынтымақпен өмір сүріп отырған екі жанның бүгінгі жаймашуақ бақытты ғұмыры жастарға, кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Университетіміз ашылған алғашқы жылдары басқа да республикаға танымал ғалымдармен қатар, шәкірттерге дәріс оқу үшін арнайы Алматыдан шақырылатын академик Ә. Қайдардың өзін көрген, сөзін естіп, дәрісін тыңдаған шәкірттеріміздің осы университетте еңбек ете жүріп сол кісінің жетекшілігімен ғылымның сүрлеу жолына түскен ғалымдардың қай-қайсысы болсын, парасаттылықпен айтқан ғылыми тұжырымдарын,салмақты сөзі мен берген білімін мақтанышпен есіне түсіріп жатады. Сондықтан да ұстаздың жақында ғана сыйлаған «Ғылымдағы ғұмыр» атты алты томдық еңбегі тек маған ғана емес, мен сияқты қазақстандық көптеген шәкірттерге арналған деп түсінеміз. Ғалымның үлкенді-кішілі 450 ғылыми еңбектерінің қайсысы болмасын тіл білімінің қыры мен сырынан сыр шертеді. Дүниежүзі мойындаған түркітанушы ғалым, ғылым әлемінде, қазақ тіл білімінде «Ә.Т.Қайдаров мектебін» қалыптастырған ұлы ұстаз, қазақ халқының маңдайына біткен дара тұлға, академик, Әбдуәлі Туғанбайұлы Қайдар осындай жан!**

**Балтагүл ОСПАНОВА, доцент.**

ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

# «БИЗНЕСПЕН ТҮБЕГЕЙЛІ АЙНАЛЫССАМ БАЙЫП КЕТЕР ЕДІМ...»

**«Бейнелеу өнері» кафедрасының оқытушысы, педогогика ғылымдарының кандидаты Бибігүл ЖОЛДАСОВА: «Бизнеспен түбегейлі айналыссам байып кетер едім, бірақ мен ұстаздықты, ғылымды бірінші орынға қойдым», – дейді.**

- Университетте жұмыс істеп келе жатқаныма да 25 жылдан асып барады екен, - дейді Бибігүл Жолдасова. Өткен күндерді еске түсіріп, ойға шомған ұстаз: «Мен техникумда бейнелеу өнері және сызу пәндерінен сабақ беріп жүргенмін. Университет техникумның ғимаратында ашылды. Киелі Түркістан жерінде университеттің бой көтеруі мен үшін зор қуаныш болды. Сол ашылған күні ойланбастан осында ауыстым. Міне, содан бері осында жұмыс істеп келемін. Мені алғаш жұмысқа дизайнер етіп қабылдады. Өзім көркем графиканы бітіргенмін. Қабылдау бөлімінде жұмыс атқардым. Мәліметтер кешкі сағат жетіден кейін беріледі. Қазіргідей компьютер болмайтын. Түнімен барлық мәліметтерді қолмен плакатқа жазып таңертең іліп қоятынмын. Небір ғалым аға-апаларымызбен қоян-қолтық араласып, сол кісілерден тәлім-тәрбие алдық. Мен үшін ғылым жолы бірінші орынға шықты. Осында ғалымдардың арасында жүріп диссертация қорғадым. 1993 жылы Шымкент филиалында «Киім дизайны» мамандығы ашылған кезде «конструкциялау және модельдеу» пәнінен дәріс бердім. Өзім студенттерге үйрете жүріп Ленинградтан келген кәріс дизайнерінен киімді модельдеудің қыр-сырын үйрендім. Сол кездерде теледидардан «Просто Мария» деген кино көрсетілді. Мария Лопес деген қарапайым қыз тігіншіліктен атақты дизайнерге дейін көтеріледі. Сол кино көп қыздардың киім тігуге деген қызығушылығын тудырды. Соның бірі мен болдым. Ол кезең университет үшін ғана емес еліміз үшін қиын жылдар болатын. Жалақы айлап берілмейтін уақыт. Жұмыстан тыс уақытта Шымкенттің базарына көйлек тігіп өткіздік. Көйлек тігуге тапсырыстар қабылдап, киімді өңдеу жұмыстарын жасадық. Осылай киім тігіп ақша тапқанбыз. Иә, зымырап өтіп бара жатқан уақыт. Кеше ғана университетке алғаш жұмысқа кіргенімізді мақтан тұтып, уақытпен санаспай жұмыс істеп жатқан сияқты едік. Ал, қазір әсем ғимаратта өркендеген оқу ордамызды көресің. Сол алғашқы кездер естелік, тарих болып қалды», – деді.



Өнерлі студенттерді шеберлікке баулып жүрген Бибігүл Жолдасованың киім тігетін шеберханасы, дүкені бар. Онда студенттердің шеберліктерін шыңдауға жағдай жасап қойған. Екі қызы ателье жұмыстарын жүргізуге көмектеседі. Онда көйлек, перде, неке көйлектерін әрлеу, тігу жұмыстары атқарылады. «Бизнеспен бірыңғай айналыссам байып кетер едім. Тігін шеберханасын тек студенттер үйренсін, бос уақыттарында тәжірибелерін шыңдасын деп ұстап отырмын. Мен ғылымды, ұстаздықты бірінші орынға қоямын», - дейді ұстаз.

«Жеті елдің тілін біл, жеті түрлі өнер біл» дегендей өзі бейнелеу мен киім өнерінен, сызудан дәріс беріп, әрі киімнің жеті атасын тігіп, үйретіп жүрген Бибігүлдей ұстаздардың орны әрқашан бөлек.

**Э. АРТЫҚБАЕВА**

# «ЭКСПО-2017»

## УНИВЕРСИТЕТІМІЗ ҮШІН ЖАҢА БАСТАМАЛАРДЫ ТАНЫТУ АЛАҢЫ

**Жаңа ғана қадам басқан 2017 жыл еліміз үшін әлемдік бақталастықта өзін-өзі танытатын жыл болмақ. Осы жылы Отанымыздың жүрегі саналатын Елордамызда, жаһандық ауқымды оқиға саналатын «Астана -2017» халықаралық көрмесі өткізілмекші.**

«ЭКСПО» көрмесі - ғаламдық деңгейдегі құбылыс. Маңызы жағынан аса ірі экономикалық форумдармен шамалас, ал туристік тартымдылығы жағынан әлемдік танымал спорттық ойындармен тең келеді. Көрме елімізге ірі инвестициялардың келуіне жағдай жасайды. Сонымен қатар, «ЭКСПО» арқылы Қазақстан жаңа технологиялар мен жаңалықтарға қол жеткізеді. Ал ол, өз кезегінде, «жасыл экономиканың» дамуына ықпалын тигізеді» - деп, Елбасымыз өз жолдауында айтқан болатын.

Сондықтан, университетіміз «ЭКСПО – 2017» - болашақ энергиясы тақырыбын ғылыми-техникалық дамуының негізгі өлшемдерінің бірі ете отырып, тұрақты қуат көздерінің дамуына бағытталған стратегияларды, бағдарламалар мен технологияларды зерттеу, қуатпен жабдықтау сенімділігі мен тиімділігін арттыру, қалпына келтірілетін қуат көздерін қолдануды ынталандыру және университет білімгерлеріне қуат көзін үнемдеу өндірісінің жоспарын дайындау мен іске асыруға, энергетикалық қорларды тиімді пайдалануға белсенді қатысу қажеттілігін көрсету тәрізді нақты іс-шараларымен өз үлесін қосуда.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ - ең алғаш ашылған халықаралық жоғары оқу орны және түркі тілдес мемлекеттер арасында халықаралық мәртебеге ие болған білім мен ғылымның ордасы болғандықтан, Елбасының сенімі, халықаралық мәртебе және сол сенім мен мәртебеге лайық жауапкершілік университет қызметінің салмағын ауырлата түседі.

